

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында, күзгі демалыста «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбында №44А(К)ЖББМ-де кітап оқу іс-шарасы ұйымдастырылуда.

Мақсаты: оқу мәртебесін, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру, жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту. 11 б класс оқушысы Тугелова Дана күзгі демалыс уақытында отбасында әжесімен бірге Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» атты сүйікті кітабын оқып, әңгімелеп берді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды насихаттау, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани мәдениетін көтеру мақсатында кітапханада жұмыстар ұйымдастырылуда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспар бойынша «Өзің оқы және өзгеге ұсын» атты буккроссинг көрмесі ұйымдастырылып мұғалімдер мен оқушылардың ат салысуымен өзара кітаптар алмасу болды.

